Мектепке дейінгі ұйымдарда тілді дамытудағы унилингвизм мәселелері

Мектепке дейінгі ұйым – жеке тұлға қалыптастыратын маңызды баспалдақ.

Қазіргі уақытта педагогикалық ғылыми зерттеулер саласында, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер мектепке дейінгі ұйымдардың алдында бала тұлғасын жан-жақты дамыту, баланы жоғары сапалы деңгейде тәрбиелеу міндеттерін қояды.

2021 жылдың 15 наурызында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде нақты міндеттер қарастырылған. Бұл модель балаларды дамыту мен оқыту талаптарының өзгеруіне және өзекті ғылыми деректерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағытын айқындап берді. Бүгінде инклюзивті білім беруді қоса алғанда, оқу бағдарламалары мен жоспарлары икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау ең оңтайлы шешім болып отыр.

Сонымен ECERS-R сапаны бағалаудың халықаралық шкаласы бойынша өткізілген зерттеу нәтижесінде 7 балдық шкала бойынша Қазақстандық мектепке дейінгі мекемелердің білім ортасын бағалау 4,1 балл деңгейін көрсетті. Атап айтсақ, төмен балл көрсеткен шкалалардың ішінде «Сөйлеу және ойлау» шкаласы орын алып отыр. Мұның себебі ретінде ата-ананың баламен аз сөйлесуі – когнитивті-нейробиологиялық тұрғыдан мидың әлеуметтік-танымдық және тілдік қатынастарға жауап беретін бөлігіне кері әсерін тигізуін, демографиялық жағынан әр шаңырақта бала санының аздығынан ауызекі сөйлеу ортасының болмауын, жасанды интеллектінің қарқынды дамуы баланың сыни ойлауы мен еркін сөйлеуін, Soft skills дағдыларының дамуын тежеуін, балаларға арналған ана тіліндегі әлеуметтік желілердегі цифрлық контенттер мен телеарналардың санаулы ғана болуын баса атап өтуге болады.

Ғылымда унилингвизм деген ұғым бар. Унилингвизм – бір тілділік деген мағына береді.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын барлық ақпарат, тәрбие тек өзінің ана тілінде берілуі қажет. Мектепке дейінгі ұйымдарда дәріс те тек баланың ана тілінде берілуі керек. Өз ана тілінде тілі шыққан, өз ана тілінде дәріс алған бүлдіршін сол тілде ойлай алады, сол тілде ойын ашық жеткізеді. Өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, әдебиетін, мәдениетін бойына сіңіріп өседі.

Унилингвизм мәселесі назарда болған жағдайда, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің бойында ұлттық сана мен ұлттық болмыс қалыптасып, ана тіліне деген құрмет пен сүйіспеншілік артады.

Кәсіби білім беру ұйымдарында жоғарыда аталған модель міндеттеріне сай жұмысты ұйымдастыру арқылы білікті мамандар даярлауға назар аудару керек.

Білім берудің негізі саналатын мектепке дейінгі ұйым жұмысын жетілдіру білікті маманның қолында десек, сол мамандарды даярлау құзіреттілігі жоғары оқу орны мен педагогикалық колледждерге жүктеледі.

Ең әуелі, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының мамандарын даярлауда ұлттық құндылықтар мен кәсіби қабілеттер жиынтығын жетілдіру қажет. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлының қасиетті қағидасына сүйеніп, унилингвизм қағидасын, яғни, біртілділік мәселесін ерекше назарға алуымыз қажет. Сондықтан мектепке дейінгі ұйымдардағы оқу-тәрбие процесінде біртілділікті ұстанған жөн. Әлемді жаңадан тани бастаған балаға көптілді үйрету оның санасына ауыртпалық түсіреді. Тілді меңгеру – көптеген когнитивтік, мінез-құлық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын өте күрделі процесс. Тілді меңгеру кезіндегі баланың миын сканерлеуде ғылыми зерттеулері негіз болған нейроғалымдардың зерттеуіне сүйенсек (P. K. Kuhl, H. Brown Douglas) мектеп жасына дейінгі бала 5 жасына дейін бір тілді ғана меңгеруі тиіс, егер бала миына аса күрделі процестерді игеруді жүктесе, басқа да таным процестері (қарапайым математикалық ұғымдарды игеру, дүниетану мен жаратылыстану ғылымын меңгеру) тежелуі әбден мүмкін (H. Brown Douglas, Principles of Language Learning and Teaching. White Plains, NY – Longman – 2000). Ойлау процесін жетілдіре бастаған жас балғын ойын нақты, дәл жеткізуде қиындықтарға тап болмау үшін ана тілін ойлау тіліне айналдыруға жағдай жасау қажет.

Осы тақырып төңірегінде колледж түлегі Кравченко Анастасияға сөз берсек.

Мен, Кравченко Анастасия Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының түлегімін. Аталған білім ордасына алғаш келгенімде қазақ тілін тек ауызекі сөйлеу деңгейінде ғана білетін едім. Ата Заңымызда аталғандай, мемлекеттік тілді еркін игеру дегеніміз – ол ойын жеңіл де қиындықсыз жеткізе білу қабілеті. Мен үшін қазіргі таңда мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін ортаны құруда, қазақ тіліндегі әдеби көркем шығармаларды оқу арқылы баланың бойына ұлттық рухани құндылықтарды дарытуда осы колледжде алған тәрбиемнің маңызы зор болды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жүргізілетін тіл дамыту сабақтарының құрылымы мен сапасына ерекше көңіл бөлу талаптары туындап отыр. Тәрбиешіге жүктелетін міндеттің қаншалықты зор екенін ой елегінен өткеріп, пайымдап көріңіздерші. Сәби баланы жатық сөйлеуге, ойын көркем де бейнелі жеткізуге, сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында біз, тәрбиешілер көп ізденіп, талмай жұмыс жасауымыз қажет.

Бала ана тілінің қыр-сырын терең меңгермейінше, қоршаған орта, табиғат жайында білім алуы, жалпы даму үдерісі ойдағыдай болуы мүмкін емес. Тілі

жақсы дамыған бала оқу материалдарын ойдағыдай меңгереді, табиғат пен қоғамдағы күрделі байланыстарды дұрыс тану мүмкіндігі артады. Баланың сөйлеу дағдысын тек тіл дамыту сабағында ғана емес, күнделікті өмір барысында дамытып отыру қажет.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Тәуелсіздік пен жаһандану тоғысқан қазіргі күрделі заманда егеменді елдің өсіп-өнген тамырын тауып, біртұтас елдігін қалыптастырып, басын біріктірген түпқазығы ретіндегі тілдің қызметін тану – ұлттық сананың заманауи даму деңгейіне сай туындап отырған рухани-әлеуметтік мүдде талабы. Назарларыңызға рақмет!

...Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың Soft skills дағдыларын дамыту өзекті болып отыр. Білім беру процесіндегі мұндай жаңа тәсілдер педагогтен оқытуға деген көзқарасты өзгертуді, яғни дәстүрлі форматты интерактивті әдістерге ауыстыруды және мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасының қазіргі тенденцияларға сәйкес болуын талап етеді. Мысалы, Гарвард және Стенфорд ғалымдарының бірлескен зерттеулерінің нәтижесінде Soft skills дағдылары адамның кәсіби жетістігінің 85%-ын, тек 15%-ы ғана арнайы мамандандырылған кәсіби дағдылардан тұратындығын анықтаған. Бұл Soft skills дағдыларының бала бойында ойын арқылы қалыптасып, оның болашағына тікелей әсер ететіндігінің айғағы. Яғни, білім алу мен болашақ мамандықты таңдау алғышарттарының негізі балабақшадағы ойын процестерінде қалыптасады. Сондықтан тәрбие және білім берудің барлық аспектілері мен балаға мүмкіндіктер әлемін ашатын Soft skills қабілеттері мен дағдылары дамытылады.

Модельдің мазмұнында көрсетілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог» және оған қойылатын талаптар колледждің білім беру процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Колледждің білім беру бағдарламалары қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес маман даярлауды көздей отырып, тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларын іске асыруда, білім алушылардың педагогикалық практикадан қиындықсыз өтуіне тікелей әсер ететін әдістемелік базамен толық қамтамасыз етілген.

Оқу орны аумағында кәсіби шеберлігін шыңдау, балаларды күту және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеуді ұйымдастыру үшін санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, мектеп жасына дейінгі балалармен білім беру, тәрбиелеу қызметін ұйымдастыруға және бос уақытты тиімді өткізуге қатысу сынды кәсіптік модульдерді меңгерту мақсатында «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы, 010105 1 «Тәрбиелеушінің көмекшісі» жұмысшы біліктілігі бойынша кәсіптік құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған 5 модульден тұратын «Кәсіптік құзіреттілік алаңы» және «Білім алу және құзыреттілік кампусы» ашылып, практикалық жұмыстарды өткізуге тиісті дидактикалық, материалдық-техникалық құралдармен жабдықталды.

Білім ошағында қолданбалы бакалавриат жүйесінде білім беруді жүзеге асыру жұмыстары да жүргізілуде. Аталған мамандық бойынша мамандар даярлау, сонымен қатар республикада алғашқы болып эксперимент ретінде 01130100 – «Логопедия» мамандығы және осы мамандыққа арнайы құралдармен және дидактикалық материалдармен жабдықталған «Логопедия ресурстық орталығы» құрылды. Мамандық бойынша оқу-жұмыс жоспары әзірленіп, жұмыс жоспарына сәйкес оқу-әдістемелік кешендері дайындалды.

Маман даярлау мәселесінде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары 01120100 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының 4S01120102 «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» біліктілігі бойынша және білім мазмұны өзектендірілген модульдік-құзіреттілік, модульдік кредиттік, орта білімнен кейнігі білім берудің қолданбалы бакалавры жүйесінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары жүзеге асты.

Осы бағытта теория мен практиканың бірлігі үшін колледж мектепке дейінгі ұйымдармен тығыз байланыста.

Қорыта келе, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының ісін жетілдіруде озық тәжірибені қолдану, өзгерістерге икемделе білу міндеті алға қойылуы қажет. Ел тірегі – бүгінгі жас ұрпақты білімді, өнегелі етіп тәрбиелесек, болашағымыз да жарқын боларына кәміл сенеміз. Ол үшін төменде көрсетілген жұмыстарды іске асыру керек деп есептейміз:

1. Ғалымдар мен балабақша мамандарынан жұмыс тобын құрып, ұлттық құндылықтарға негізделген дидактикалық материалдар (мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қажетті әдебиеттер, үлестірмелі материалдар, авторлық дамытушы ойындар, әртүрлі бағыттағы көрнекіліктер, суреттік кітапшалар) әзірлеу және балалар баспасын ашып, оны мемлекеттік деңгейге көтеру.
2. Аралас тілді балабақшаларда, қазақ тілін үйретуді тек ұйымдастырылған оқу қызметінде қазақ тілі маманымен ғана емес сондай-ақ балабақшаның басқа қызметкерлерін тарта отырып ықпалдастықта ұйымдастыру арқылы – тілдік орта қалыптастыру.
3. Ойын – балалардың Soft skills дағдыларын балабақшада қалыптастырудың басты жолы және әлеуметтендіру негізі. Сондықтан балаға мүмкіндіктер әлемін ашатын Soft skills қабілеттері мен дағдыларын ойын арқылы дамытуға ерекше назар аударуды ұсынамыз.